

Атырау қаласы бойынша Атырау селолық округі әкіміне кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 21 ақпандағы № 147 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 наурызда № 2876 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 544 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 30.05.2014 № 544 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28-бабы 6-тармағы негізінде, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Атырау қаласының аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп, Атырау селолық округі әкіміне кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімі аппаратының басшысы **Б. Құсниевқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі **С. Айдарбеков**

К Е Л І С І Л Д І :

Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы (келісім бойынша) **А. Абдолов**

12 ақпан 2014 ж.

Қ а л а л ы қ ә к і м д і к т і н

2014 жылғы 21 ақпандағы № 147

қаулысына қосымша

Атырау селолық округі әкіміне кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

№	Орналасқан жері
	Атырау селолық округі, Атырау селосы, Қуанәлі Құрмашев көшесінде орналасқан № 70 үй маңындағы стенд

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК